



№10 (196), 2024
(Қазан-Октябрь)

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Н. ЕСЕНҒАЗЫ

ҚР «Әлем Қазақ Билер Кеңесінің» кезекті
Құрылтайына ұсынылған таңдауалды бағдарлама3

Г. МУЛЕНБАЕВА

Жасанды интеллект және білім8

Қ. АКИМОВА

Оқушылардың мектепке бейімделуінің
психологиялық ерекшеліктері11

С. ҚҰРМАНҒАЛИЕВА

Жасөспірімдер арасындағы қауіп-қатерге бейім
мінез-құлықтың алдын алудың кейбір мәселелері15

А. СУЛТАНБАЙ

Жеткіншектердің коммуникативті қабілетін дамытуда
психологиялық тренингтерді қолданудың ықпалы18

Л. МЕРЕКЕНОВА

Бала тәрбиесі стильдерінің психологиялық
ерекшеліктері19

А. САПАРОВА

Гипербелсенді балаларды жаттығулар
мен ойындар арқылы тыныштандыру22

А. СЕНГИРОВА

Оқушылар арасындағы буллинг
мәселесін шешу жолдары26

Б. САХАНОВА

Бала табиғаты және мамандыққа бейімдік30

Ф. РУСТАМОВА

Инновационные технологии работы
педагога-психолога в современной школе32

Л. БОТТАЛОВА

Профилактика буллинга в школьной среде35

Б. КАРИМОВА

Виды насилия в школе и меры по созданию
безопасной образовательной среды37

А. САТҚАНҒҰЛОВА

Қиындықтың алдын алуға арналған
психологиялық жұмыс түрлері41

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор –

Ақнұр ОЛЖАЕВА

Ғылыми редактор –

М. АХМЕТОВА

20. 05. 2010 ж.
ҚР Байланыс
және ақпарат
министрлігінде
қайта тіркеліп, №10964-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды

30. 10. 2024 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Редакцияның

мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,

Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс:

8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел: 8 777 194 94 58,

8 777 303 37 67.

Эл пошта:

pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print
House GERONA>>

типографиясында
басылды.

Алматы қаласы, Сәтбаев
көшесі 30А/3, 124.

Көркемдеуші және

беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

М. Ахметова – редакция алқасының төрағасы, психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

О. Саңғылбаев – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, ҚазҰПУ)

М. Перленбетов – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

Б.Р. Кадыров - д.пс.н., профессор
(Узбекистан, Ташкентский филиал
МГУ им. М.В. Ломоносова)

М.П. Кабакова – канд. психол. н.,
профессор (Алматы, КазНУ)

Ш. Сатиева – психол. ғ. к., проф.
(Семей, «Семей ун-т»)

А.Х. Кукубаева – д. психол. н., проф.
(Кокшетауский унив. им. Абая
Мырзахметова)

Б. Бейсекеева – педагог-психолог
(Астана қ.)



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілермен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдардың стильдік қателіктеріне редакция жауап бермейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.



Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотографии не рецензируются и не возвращаются.

Главный редактор –
Акнур ОЛЖАЕВА
Научный редактор –
М. АХМЕТОВА

Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от
20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 30. 10. 2024 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел. /факс: 8 (727) 255-72-94;
сот. т.: 8 777 1949458, 8 777 3033767
Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймкулова

Журнал напечатан в типографии
<<Print House GERONA>>
г. Алматы, ул. Сатпаева, 30А/3,
124-офис.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасында сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Мақаланызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

ҚР «Әлем Қазақ Билер Кеңесінің» кезекті Құрылтайына ұсынылған таңдауалды бағдарлама

Н. ЕСЕНҒАЗЫ

Қадірлі Республикалық «Әлем Қазақ Билер Кеңесінің» кезекті Құрылтайы, дәстүрлі «Бауырбас» жиынына жиналған Мырзалар мен Ханымдар!

Мен қасиетті, батырлар Елі, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы жерінде туып өстім. Қазақ Елімнің және туған өлкемнің тарихын да, халқымның басынан өткен қиын-қыстау кезеңдерді де жақсы білемін. Жоғары оқу орнын бітіріп, үш жүздің басы қосылған Ұлытау аудандық аурухана-сында, туған жерім Ойыл аудандық ауруханасында, Ақтөбе облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру мемлекеттік мекемесінде жұмыс жасап, медициналық колледжде сабақ бергеннен бері осы өңірлерді дамыту жолындағы сан алуан қоғамдық жұмыстарға белсене араласып келемін. Бұл бағыттағы жетістіктерімді халық біледі, бағасын береді деп ойлаймын.

Ақтөбе облысының «Әлем Қазақ Билер Кеңесінің» ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Бас Би қызметін атқаруға бел будым. «Әлем Қазақ Билер Кеңесі» Республикалық Қоғамдық Бірлестігінің Жарғысына сай ауыл, аудан, қала, облыс орталықтарында Халық өздері Би сайлап, «Әлем Қазақ Билер Кеңесін» құрып, барлық туындаған мәселені ақылдасып, Заң аясында, адамгершілік тұрғыда, әдеп сақтап, береке-бірлікте жұмыла жұмыс атқару арқылы шешілетіне сенемін. Қазақстанда шешімін күткен мәселелер жетіп-артылады. Қазақстанның қай жерінде де тұрғындар өздерін толғандырып жүрген ірілі-ұсақты барлық мәселелерін алдымен өздері сайлаған «Әлем Қазақ Билер Кеңесіне» айтулары қажет. Өйткені, «Әлем Қазақ Билер Кеңесі» – халық сенімін иемденген Би, Тұлға, Халық жүгін арқалаған парасатты азаматтардан құрылған.

Бүгінгідей күрделі кезеңде осындай зор сенім мен жауапкершіліктің басынан табылу кім-кімге де сын болатынын жақсы түсінеміз.

Сіздердің сенімдеріңізді иемденіп, Бас Би деген мәртебелі қызметке қол жеткізсем, Қазақстан Республикасы бойынша мынадай өзекті мәселелердің оң шешімдерін табуға жұмыстанатын боламын:

Қазақстан Республикасы бойынша «Әлем Қазақ Билер Кеңесі» Республикалық Қоғамдық Бірлестігінің Жарғысына сай ауыл, аудан, қала, облыс орталықтарында «Әлем Қазақ Билер Кеңесін» құруға атсалысу арқылы туындаған мәселелерді шешуге қолдау көрсету және жүзеге асуына ықпал ету;

Қазақ халқы, байырғы қазақ жерінде, ата-баба Елінде мемлекет құру үшін, өзімізді еркін, тең және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл

азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілеп, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезініп, өзіміздің Тәуелсіздік құқығымызды негізге алып Қазақстан Республикасының Конституциясы аясында Заңдардың орындалуын талап ете отырып, бақылауды күшейту, осы мақсаттағы жұмыстарға бастамашы болу;

Қазақ халқы – әлемдегі ең дана халық. Қазақты әлем халқына ғажап халық екенін танытып тұрған ол – біздің қазақылығымыз, адамгершілік қағидаларымыз, ұлттық құндылықтарымыз, салт-дәстүр, әдет-ғұрыппен мәдени мұраларымыз, тіліміз және ұлттық қолөнер мен ұлттық киімдер, ұлттық тағамдар, ұлттық ойындар. Өз ұлтымыздың қадір-қасиетін, ой-өрісін танытатын салт-дәстүрімізге, қазақтың мәртебесін көтеретін мұраларымызға құрметпен қарап, оларды қастерлеу – баршамыздың міндетіміз екенін түсіндіру жұмыстарымен айналысу.

Қазақ халқы өз ұлттық құндылықтарымен өзге ұлттардан өзгешеленіп тұрады. Баға жетпес осындай құндылығы бар біздің ел бақытты. Өзінің құндылықтары арқылы ұлттық болмысын сақтап, осы күнге жетіп отыр. Ертеңгі ұрпақ ұлтжанды, отаншыл болып өссін десек, осы бастан ата-дәстүрімізді ардақтауды үйретіп, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірте білуіміз қажет. Жас жеткіншек ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре білсе, еліміздің ертеңі нұрлы болмақ. Бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре білген адам болашаққа жауапкершілікпен қарап, еліміздің елдігі үшін аянбай қызмет ететін азамат болып өседі. Ұлттық құндылықтар – ұлт қорғаны. Жас ұрпақты ұлттық құндылықтарымызды құрметтеу рухында тәрбиелеу мақсатындағы жұмыстарға қолдау көрсетеміз;

«Ислам» сөзінің «бейбітшілік», «амандық», «тыныштық» «мойынсыну, бағыну» деген мағыналары бар. Ислам діні сансыз көп ұлттар мен ұлыстарды түрі мен нәсіліне қарамай бір шаңырақ астына біріктірген бүкіл әлемдік бауырмалдықты үйретеді. Кешегі Түркі жұрты өзінің дінге қатысты таңдауын жасаған болатын. Ол – дәстүрлі Ислам. Ислам ұлтымыздың жан дүниесімен, рухани құндылықтарымен, табиғи сенімдерімен барынша үйлескен бірден-бір дін. Халқымыздың болмысына сіңе отырып, ислам біздің бүгінгі бірегей мәдениетімізді құраған, мемлекеттілігімізді қалыптастырған ата дінімізге айналды. Дін мен дәстүр үндескенде дін дамиды, дәстүр байиды, ал ұлт діннің рухын сезініп, құндылық ретінде қабылдайды. Ислам діні мен қазақ салт-дәстүрлері ғасырлар бойы өзара кірігіп, ажырамастай болып тамырласып кетті. Біздің рухани құндылықтарымыз – ата дініміз бен ата дәстүріміздің терең тамырлы байланысының тағылымды туындысы. Сондықтан дін мен дәстүр бірлігі – өткеніміздің тарихы, болашағымыздың кепілі болмақ. Халқымыз ғасырлар бойы дінді руханилықтың негізі санап келді. Ұлттың рухани құндылықтары дін қағидаларымен үндесіп жатты. Діндегі адамгершілік, сыйластық, өзара құрмет, келісім, имандылық, білімге құштарлық, еңбекқорлық, отансүйгіштік, т.б. көптеген құндылықтар мен қасиеттер ұлтымыздың болмысында бұрыннан бар мінездермен астасып, рухани құндылықтардың қайта-

ланбас кешенін құраған болатын. Яғни дін руханияты дәстүрлі құндылықтарға негіз болып қаланды.

Дәстүрлі дін саласындағы ақпараттық-ағартушылық жұмыстардың өзекті бағыттарының бірі – дәстүрлі құндылықтарды жаңғырту шараларын жүргізу жолында үгіт-насихат жұмыстарын жүргіземіз.

«Әлем Қазақ Билер Кеңесі» Республикалық Қоғамдық Бірлестігі алдағы бір жыл ішінде осы төрт бағыт аясында Қазақстан Республикасының өркендеуіне өздерінің бұған дейін жинақтаған білім-тәжірибелерін, іскерлік қарым-қабілеттерін аянбай жұмсайды деп сенеміз.

Сонымен қатар, өзім басқарып отырған және бірге қоғамдық жұмыстар жасап жатқан:

1. Ақтөбе мемлекеттік медицина институтында 1984-1990 жылдары бірге оқыған, бітіріп шығып, қазіргі таңда 17 облыста жұмыс жасап жатқан 600 дәрігер курстастарыммен;

2. Ұлытау облысы (Жезқазған), Жезқазған мен Қ. Сәтбаев қалалары және Ұлытау аудандық ауруханасында, 1991-1999 жылдары бірге жұмыс жасаған әріптестерім, сол жылдары оқу бітіріп келген жас маман дәрігерлер, юристер, инженерлермен;

3. Ақтөбе облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес (ПМПК) беру, мемлекеттік мекемесі, 2006-2014 жылдары жұмыс жасаған әріптестерім мен 12 ауданның әкімшілігі, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік көмек көрсету бөлімдері, мекемелері және Республика бойынша 58 ПМПК басшылары мен мамандарымен;

4. Он екі ата Байұлы, Таз руының 2009 жылдан бастап қоғамдық жұмыспен айналысып келе жатқан Халықаралық «Тастүлек – Бақай» қоғамдық бірлестігімен;

5. 2012 жылдан бастап қоғамдық жұмыс жасап келе жатқан Ақтөбе облыстық «Шолпы» отаншыл қыздар клубы, қоғамдық бірлестігімен;

6. 2014 жылдан бері Ақтөбе жоғары медициналық колледж оқытушысы ретінде және шәкірттеріммен;

7. 2019 жылдан бастап Ақтөбе облысы бойынша «Патронаждық медбике» тренері ретінде және Республика бойынша ЮНИСЕФ бағдарламасымен жұмыс жасап жатқан тренерлер мен дәрігерлер және мейіргерлермен;

8. 2020 жылдан бастап жұмыс жасап жатқан «Ойыл өзені» қоғамдық бірлестігімен

9. 2022 жылдан бері «Әлем Қазақ Билер Кеңесі» Республикалық қоғамдық бірлестігімен және тағы басқа қоғамдық бірлестіктермен, мекемелермен,

10. Халық пен Үкімет арасында дәнекер болатын 2023 жылдың қыркүйек айынан бастап Ақтөбе облысының ұйымдастырушы бас биі ретінде ауыл, ауылдық округ, аудандар мен қалалардағы сайланған би азаматтармен, ру басыларымен және қоғам белсенділерімен, парасатты азаматтармен бірігіп «Әлем Қазақ Билер Кеңесі» қоғамдық жұмысты жалғастырамыз.

«Әлем Қазақ Билер Кеңесі» Республикалық Қоғамдық Бірлестігі Таңдауалды бағдарламасы алдымызда тұрған бірінші кезекті жалпыұлттық міндет. Реформаларды жүзеге асыру арқылы және «Әлем Қазақ Билер Кеңесі» Республикалық Қоғамдық Бірлестігі Таңдауалды бағдарламасының толықтай орындалуы арқылы біз ұлттық сананы өзгертеміз, отаншылдықты арттырамыз, ел бірлігін нығайтамыз, Тәуелсіздігіміздің тұғырын нықтай отырып, Қазақстан Республикасын өркеніетті елдер қатарына көтеріп, Дамыған Елге айналдырамыз.

Сондықтан «Әлем Қазақ Билер Кеңесі» Республикалық Қоғамдық Бірлестігі Жарғысына сай азаматтарды алдағы Қазақстан Республикасының Бас Биін таңдауға бір кісідей белсене қатысып, өзіңіз таңдаған үміткерлерге дауыс беруге шақырамыз.

Өмірбаян

Нұрлан Ізденұлы ЕСЕНҒАЗЫ, 18.01.1962 жылы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылдық округі, Қаракемер ауылында қарапайым, көп балалы Отбасында дүниеге келген, білімім жоғары.

1977 жылы Қаракемер ауылында 8 класты бітіріп, Ақтөбе медициналық училищесінің фельдшер факультетіне оқуға түскенмін.

Ақтөбе медициналық училищесін (1977-1981) бітіріп, 1981-1983 жылдары фельдшер мамандығы бойынша жұмыс жасадым.

Кеңес Одағының әскер қатарында Украина, Харьков облысы, Богодухов қаласында әскери ауруханада фельдшері болдым (1981-1983). Ақтөбе облысы Темір аудандық ауруханасында (1981) және Ойыл аудандық ауруханасында (1983) жедел жәрдем фельдшері қызметін атқардым.

Ақтөбе мемлекеттік медициналық институтының дайындық бөлімін (1983), институтты (1984-1990 ж) оқып бітіргесін, жолдамамен 1990-1991 жылдары Жезқазған облысы, Қ.Сәтбаев қаласына барып интернатура өттім.

1991-1999 жылдары Жезқазған облысы, Ұлытау ауданының ауруханасында хирург, хирургия бөлімінің меңгерушісі, бас дәрігердің емдеу бөлімі жөнінде орынбасары, бас дәрігер қызметтерін атқардым.

1999 жылы Ақтөбе облысы, Ойыл аудандық ауруханасының хирург, анестезиолог-реаниматологы, 1999-2005 жылдары Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Саралжын ауылдық ауруханасының бас дәрігері, отбасылық дәрігері қызметтерін атқардым.

2005-2006 жылдары Ақтөбе қаласы № 4 Кеңес беру диагностикалық емханасының «Жаңа қоныс» отбасылық дәрігерлік амбулаториясының бас дәрігері, отбасылық дәрігері болып қызмет жасадым.

2006-2014 жылдары Ақтөбе облыстық білім басқармасы, «Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация» мемлекеттік мекемесінің басшысы қызметінде болдым.

2014-2019 жылдары Кеңес Одағының батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе жоғары медицина колледжінің арнайы пән (хирургия, анестезиология және реанимация) оқытушысы болып жұмыс жасадым.

2019 жылдан бастап Сақтаған Бәйішев білім корпорациясы, Бопай ханым жоғары медициналық колледжінің арнайы пән оқытушысы болып жұмыс жасаймын.

Жасаған және жасап жатқан қоғамдық жұмыстарым:

1. Хирургия, анестезиология және реанимация пәні бойынша «Абзал жандар» үйірмесінің жетекшісі (2014-2019);
2. Ата-аналар комитетінің төрағасы (2015-2019);
3. Ата-аналарды, оқытушыларды және студенттерді тәртіпке шақыру комиссиясының төрағасы (2016-2019);
4. Колледж медиаторы (2016-2019);
5. Суицидтің алдын алу комиссиясының төрағасы (2014-2019);
6. Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиін енгізу комиссиясының төрағасы (2017-2019);
7. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру бағдарламасына сай құрылған «Абзал жандар» Отаншыл клубының жетекшісі 2017 жылдан бастап;
8. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі жанынан құрылған «Шолпы» қоғамдық бірлестігі, қыздар Отаншыл клубының кеңесшісі 2012 жылдан бастап;
9. Халықаралық «Тастүлек-Бақай» қоғамдық қоры ұйымдастыру комитетінің төрағасы 2009 жылдан бастап;
10. Ақтөбе облыстық «Патронаж мейіргерлер» тренері, 2019 жылдан бері;
11. «Ойыл өзені» қоғамдық бірлестігі, Ақылдасу алқасының төрағасы 2020 жылдан бері;
12. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігінің Ақтөбе облыстық басқарма мүшесі 2022 жылдан бері;
13. Бопай ханым жоғары медициналық колледжінің Ардагерлер кеңесінің төрағасы, 2022 жылдан бастап;
14. Хирургия, анестезиология және реанимация пәні бойынша «Адреналин» үйірмесінің жетекшісі 2022 жылдан бастап;
15. Қазақстан Республикасы «Қазақ Билер Алқасы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Жарғысына сай Ақтөбе облысында «Қазақ Билер Алқасын» құруды ұйымдастырушы, 2022 жылдан бері.
16. Қазақстан Республикасының Бас Би қоғамдық қызметіне үміткер, 2023 ж.
17. Ақтөбе облысының бас биі 17 қыркүйек 2023 жылдан бері.

Қазақ тілінде жарық көрген кітаптарым:

Жедел медициналық көмек (2015), Хирургиядағы мейіргер ісі (2020 ж), Жалпы хирургия, анестезиология және реанимация (2021), Абзал жандар (2022), Хирургия (2023), Ойыл өзені (2023), Тастүлек-Бақай (2023) Өнегелі өмір (2024).

Аурудың алдын алу, қазақ ұлттық құндылықтары мен бабалар өсиеті, Қазақ Билер Алқасы және қоғамдық атқарған жұмыстары жөнінде аудандық, облыстық, Республикалық, Халықаралық газеттерге, журналдарға және әлеуметтік желілерде үзбей мақала беріп тұрамын.

Жасанды интеллект және білім

Г. МУЛЕНБАЕВА

Цифрландыру және жаһандану дәуірінде білім беру саласы өзгерістерге ұшырауда, жаңа жоғары интеллектуалды реңктерге ие болуда, атап айтқанда нейрожелілер, жасанды интеллект және басқа да түрлі цифрлық принципті құралдарды енгізу болып табылады.

Қазақстандағы білім беру жүйесі еңбек нарығында қажетті бәсекелестік артықшылықтарға ие және цифрлық экономика жағдайында өз әлеуетін іске асыруға дайын жоғары білікті мамандарды даярлау үшін ерекше назар аударуды талап ететін мемлекетіміздің дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады [1].

Білім беруде жасанды интеллектті пайдаланудың маңыздылығын қарау оқытудың сапасы мен тиімділігін арттыру үшін білім беру процесін дербестендіру бағдарламалары мен құралдарын әзірлеу қажеттілігіне негізделген.

Соңғы кездері адам қызметінің барлық салаларына, соның ішінде білім беру саласына жасанды интеллекттің енуі туралы жиі естуге болады. Бұл зерттеуде оның не екенін және оның қоғам мен білім берудің дамуына қалай әсер ететінін анықтап көрейік. Жалпы алғанда, нейрондық желілер – бұл математикалық модель, қойылған сұрақтың критерийлерін бағалау негізінде қойылған зияткерлік міндетті шешу арқылы болжам жасауға қабілетті массивті есептеу коды, көптеген ақпаратты, деректер базасын талдай отырып, жасанды интеллект неғұрлым нақты және дұрыс жауапты құрайды. [2].

Жасанды интеллект немесе машиналық оқыту қазіргі уақытта білім беруде, емтихандарды жүргізу мен тексеруден бастап, сол салаларда білім алушыларға арналған материалдарды автоматты түрде іріктеуге дейін, білім алушыға тақырыпты саналы түрде түсінуді ұсына отырып, олар оқуда қиындықтарға тап болғанда, білім алушының үлгерімі мен өнімділігін талдай отырып, білім және қабілет деңгейін арттыруға, «сезімсіз» машинаны тұрақты және адал бақылау кезінде оның оқу жоспарын түзету болып табылады [3, 5].

Жасанды интеллект оқыту процесіне белсенді түрде енгізілуде және аталған толассыз технологияларды пайдалану ауқымы жыл сайын тек ұлғаяды. Қазіргі уақытта білім беруде жасанды интеллектті пайдаланудың негізгі бағыттарын қарастырайық:

Дағдылы міндеттерді автоматтандыру. Оқытушылардың иықтарында әрқашан үлкен жауапкершілік және білім алушылармен жұмыс көлемі – үлгерімді бақылау, үлгілік тапсырмаларды тексеру, білім деңгейі мен сабаққа дайындық жатыр. Мұндай дағдылы міндеттер сабақтағы құнды оқу процесінен көп уақытты алады. Білім

берудің тиімділігі мен сапасын арттыру үшін енді мұндай дағдылы жұмысты жасанды интеллектіге беруге мүмкіндік туып отыр. Адам ешқашан жасанды интеллектпен өңделуі мүмкін мәтіндер мен басқа да ақпараттарды өңдей алмайтынына келісеміз. Сондай-ақ адами фактор болғандықтан, адам қателессе де, жасанды интеллект еш уақытта да қателеспейтіні айдан анық.

Қазір оқытуды дербестендіру туралы көп айтылады. Білім беру ортасына жасанды интеллект технологияларын енгізе отырып, мамандарды даярлау кезінде әрбір пәнді зерделеудің дербес жоспарларын құруды іске асыруға, содан кейін білім алушылардың қызметін бақылауды іске асыруға болады. Білім беруде жасанды интеллектті осы орайда қолдану педагогтар мен психологтардың білім алушылардың қабілеттерін, уәждемесін, ерік-жігерін және басқа да көрсеткіштерін анықтау әдістемелерін әзірлеуінің арқасында мүмкін болады, соның негізінде оқытудың жеке бағдарламасы құрылады.

Білім алушылар үшін білім беру қосымшалары мен мамандандырылған контентті құру оқу процесін дербестендіруге ықпал етеді. Бұл функцияны көптеген оқушылар мен мұғалімдер белсенді пайдаланады [1, 4]. Мысалы, бір қосымшаның көмегімен әртүрлі пішімде шет тілдерін оқытуда. Технология сөйлемдердің құрылымын, лексика мен грамматиканы талдай отырып, материалды қайта бекіту үшін ұқсас мазмұндағы қосымша тапсырмаларды бере отырып, білім алушының тілін тануға мүмкіндік береді. Бұл қосымшалар көптеген адамдар үшін гаджеттерде күнделікті жаттығуға айналғандықтан, өте танымал. Шет тілдерін үйренуден басқа, технология барлық пәндерге қолданылады және оқушылар мен мұғалімдер осы жолда табысқа жете бастады.

Дербестендірілген оқыту білім беру жоспарын әзірлеу және оны іске асыру тәсілін білдіреді, онда оқушы өзінің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесінің субъектісі болып табылады. Білім беру процесінің тиімділігін дербестендіру тұрғысынан арттыру үшін мұғалімдер мен оқушылар жасанды интеллект мүмкіндіктеріне жүгіну қажет.

Жасанды интеллект бытыраңқы деректердің үлкен массивтерін жинауға және талдауға, одан кейін жағдайдың жалпы көрінісін алуға қабілетті. Бұдан басқа, жасанды интеллект бастапқы нүктеге сүйене отырып, оның дамуын болжай алады және сұрау салуға байланысты оны түзету нұсқаларын ұсына алады.

Білім беру процесіне қолданылатын жасанды интеллект білім алушылардың проблемалары бар қандай да бір пәндерді, осы пәндердің салаларын анықтауға қабілетті. Бұл қазіргі уақыттағы жағдайды талдауға және студенттің қосымша көмекке мұқтаж екенін анықтауға көмектеседі. Оның үстіне, уақыттың әрбір келесі сәтінде технология осы көмектің көлемін азайту немесе ұлғайту қажеттігін

айқындай алады. Бұл тұжырымдама тақырыпқа қызығушылық, психологиялық жағдай, белгілі бір уақытта қандай да бір ақпаратты қабылдау мүмкіндігі және т.б. сияқты параметрлерді ескере отырып, оқытудың дербестендірілген траекториясын құруға көмектеседі.

Нейрожелілер білім беру мекемелерінің немесе платформалардың қызығушылығын оятып, білім алушылардың қызметін талдай отырып, жасанды интеллект олардың белгілі бір пәндер бойынша үлгерімінің әлсіз жақтарын механикалық тәсілмен анықтауға қабілетті, бұл өз кезегінде мұғалімдерге қосымша араласу, одан әрі оқушының нәтижелілігі мәселесін шешуге көмек көрсету қажеттігін білдіреді. Білім беру процесіне жасанды интеллектті енгізу тұжырымдамасы жүйені дербестендіруге, білім алушылардың қабілеттеріне бейімделуге, сондай-ақ әлеуметтік құрамдас бөліктің мониторингіне, пайдаланудың қолайлылығы мен практикалылығына бағытталған [2, 5].

Жасанды интеллект оқушылардың мүдделерін талдауға және оларға бағдарламалар мен тақырыптарды соларға сәйкес ұсынуға қабілетті. Жеке тәсіл бойынша оқушылардың оқу процесіне қызығушылық танытуға, сондай-ақ қашықтықтан немесе өз бетінше оқу кезеңінде тапсырмаларды орындаудың дербестігін бақылауға мүмкіндік береді [4].

Қазіргі заманғы білім берудің тағы бір проблемасын нейротарптардың көмегімен шешуге болады – бұл кәсіп таңдауға дайындыққа ғана емес, сондай-ақ түлектердің өзін-өзі анықтауына және кейіннен жұмысқа орналасуына көмек көрсетуге бағытталған кәсіптік бағдарлау. Машина құрастырған логикалық тізбек бойынша әр түрлі сұрақтарға берілген жауаптарды талдау нәтижесі – адамның қабілеттері мен мүдделерінің егжей-тегжейлі көрінісі болып табылады.

Қорытындылай келе, толассыз технологияларды, атап айтқанда, жасанды интеллект пен нейрондық желілерді пайдалану оқытудың тиімділігін едәуір жақсартуға, оңтайландыруға білім алушылардың сандық және ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға және оқыту процесін дербестендіруге мүмкіндік беретінін атап өту маңызды [5]. Бұдан басқа, толассыз технологияларды пайдалану білім беру процесін қадағалауға және түзетуге мүмкіндік береді, бұл көбінесе қазіргі заманғы цифрлық қоғамның талаптарына сәйкес келеді. Енді талапкерлерге оқу орындарына түсу кезінде мамандық таңдау әлдеқайда оңай болады, себебі машина құрылғылары қоғамның, ата-аналар мен құрдастарының пікірін таңдамастан, білім алушылардың өздері беретін кіріс ақпаратын ғана талдайды. Жасанды интеллект әрбір білім алушының қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне байланысты оқытуға тәсілдерді оңтайландыруға ықпал етеді. Білім беруде осы технологияны оны дербестендіру мақсатында пайдалану қажеттілігі осында деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Булаева, М.Н. Кәсіптік білім беру ұйымдарында цифрлық платформаларды қолданудың әдістемелік ұсынымдары/М.Н. Булаева, О.Н. Филатова, П.В. Қанатъев//Қазіргі заманғы педагогикалық білім беру проблемалары. – 2022. – №72 (4). - С. 34-36
2. Вайндорф-Сысоева, М.Е. «Цифровой форсайт» – гибридік оқыту жағдайындағы ұжымдық жұмыс конструкторымен білім беру практикасы/М.Е. Вайндорф-Сысоева, И.П. Тихоновецкая, Н.Д. Вьон// Минск университетінің хабаршысы. – 2022. - Т. 10. – №2.
3. Гущин А.В. Жоғары білім беру ұйымының ақпараттық стратегиясын іске асыру ерекшеліктері/А.В. Гущин, О.И. Ваганова, О.Н. Филатова//Балтық мемлекеттік балық кәсіпшілігі флоты академиясының жаңалықтары. – 2021. – № 3 (57). - 47-51 С.
4. Лебедева Т.Н., Шефер О.Р., Крайнева С.В., Белоусова Н.А., Эрентраут Е.Н., Ахмамова Ю.А. //Минск университетінің хабаршысы. 2022. - Т. 10. – №3.
5. Сябитова, К.С. Кәсіптік білім беру жүйесіндегі жасанды интеллект/ Сябитова К.С., Филатова О.Н. // Инновациялық өңір жастарының кәсіби өзін-өзі айқындауы: Проблемалар мен перспективалар. – Красноярск – Челябинск – Нижний Новгород. – М., – 2023. - 132-134 С.

Оқушылардың мектепке бейімделуінің психологиялық ерекшеліктері

Қ. АКИМОВА

Мектеп өміріне бейімделу кезеңін әрбір бала бастан өткереді. Туындайтын қиындықтардың көпшілігі ерте ме кеш пе, жоғалады. Мысалы: мектепке барған алғашқы уақыттарда балалардың жағдайы нашарлауы мүмкін. Олар мазасыз, үрейлі, ашуланшақ, гиперактивті немесе гиперпассивті болуы мүмкін. Денсаулық жағдайы нашарлауы мүмкін. Бірақ біраз уақыттан кейін (біреулерде ерте, біреулерде кеш) барлығы қалпына келеді. Сондықтан психология мен педагогиканың баланы мектепте оқытуға бейімдеу ерекшеліктері жөнінде зерттеулерге арналған жұмыстармен танысып, оларға көңіл аударудың маңызы бар.

Бастауыш білім беру – бұл ересектер әлеміне қарай саналы өмірдің басталуы, және баланың қандай болып өсетіні бастауыш білімнің жемістілігіне байланысты.

Мектеп – баланың дамуының жақсы жақтарын жүйелі қалыптастырып отыратын негізгі орын. Мектептік өмір балалардың мінез-құлқының қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Баланың тұлғалық дамуын, мінезін тәрбиелеу мен қалыптастыруда басты міндет – олардың жан-жақты болып өсуін қадағалау. Міне осы орайда балалардың бойындағы жағымды қасиеттерді оятып, жағымсыз әдеттерді жою талабы психологиялық және педагогикалық іс-әрекеттердің тиімділігіне байланысты.

Алты жасар баланың мектепке баруы оның өмірінде ерекше оқиға болып табылады. Мектепке дейінгі кезеңнен мектеп жасына өтуі баланың іс-әрекетінде, басқа адамдармен қарым-қатынасында ерекше өзгерістермен байланысты.

Кіші мектеп жасындағы баланың ең негізгі іс-әрекеті оқу болғандықтан, баланың өмір тіршілігі өзгереді, жаңа міндеттер пайда болады, баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасы жаңаша қалыптасады.

Баланың мектепке бейімделуі бірден болмайды. Мектепте толығымен меңгеруіне бір күн немесе бір апта жеткіліксіз. Бейімделу ұзақ мерзімді қажет ететін процесс М.М. Безруких, С.П. Ефимова баланың мектепке бейімделуін ұзақ мерзімді процесс ретінде қарастырып, оның әлеуметтік-психологиялық және физиологиялық жақтарын сипаттаған. Олардың көзқарасынша, баланың өмірінің өзгеруі: барлығы мектепке бағынады, мектеп жұмысына, сабаққа көп уақыты кетеді. Бұл өте қысымды кезеңдер. Себебі мектеп алғашқы күннен бастап өзінің талаптарын қояды.

Баланың мектепке бейімделуіне негізгі үш жақты қиындық әсер етеді:

Біріншісі, мектептің жаңа күн тәртібі – ерте ұйқыдан тұру, тыныш отыру, сабақтан қалуға болмайды, дер кезінде сабақты орындау және т.б. Мұндай дағдылар балада бұрын қалыптаспағандықтан олар шамадан тыс шаршайды, сабақтан қалғысы келіп тұрады, мазасызданады және т.б. Көбіне алты-жеті жастағы балаларда өзіндік әдеттердің қалыптасуының алғы шарттары қалыптаса бастағандықтан кейбір жаңа құбылыстарға бейімделу қиынға соғады. Ең бастысы мұғалім мен ата-ана осы жағдайларды дұрыс ескергендері маңызды.

Екіншісі баланың мектеп мұғалімімен, құрбыларымен және отбасымен өзара қатынасына байланысты туындаған мінез-құлықтар. Кейбір оқушылар жаңа ортада өздерін дұрыс меңгере алмай, басқа балалармен танысуы бірден болмағандықтан, өзін жалғыз сезінеді. Тәжірибелі мұғалім барлық балаларға бірдей талап қояды, бірақ әр баланы жеке-жеке қадағалайды. Бала мектепке келгеннен соң оның үйдегі орны да өзгереді. Оның міндеттері де және құқықтары да жаңаша құрылады. Мысалы оның сабақ орындауына ерекше, бөлек уақыт қажет болғандықтан үлкендер оның күн тәртібімен санасады.

Үшінші түріне бірінші сынып оқушылары оқу жылының ортасына қарай үйренеді. Олар басында мектепке бірден жүгіріп, уақытынан ерте баратын болса, кейіннен ересектердің ықпалымен ғана барады. Өздерінің әрбір алған бағасына қуанып, сабақты қызығушылықпен орындаса осы кезеңде ол төмендейді және бәрібірлікке ауысады. Мұғалімдер бұл кезеңде оқушыға сыртқы жағдайларына да әсер ететін тапсырмалар береді.

Бала мектепке келгеннен кейін оқу оның негізгі іс-әрекетіне айналады. Мектепте бала белгілі бір мерзім ішінде қабілеттілік пен икемділіктің белгілі мөлшерін меңгеріп және оларды талдауды үйренеді. Қазіргі сәтте бала өзіне қызық емес, бірақ болашаққа маңызды материалдармен оқып танысады. Жалпы білім беретін мектептердің алғашқы сыныбына келген балалар оқу жүйесінде айтарлықтай қиындықтарды басынан өткереді. Қиындықтардың ең алғашқы себебі – мектептік оқуға деген қызығушылығының төмендігі немесе психологиялық дайын еместігі. Осыған қоса мектепте оқудың бастауы тек өмірдің жаңа шарттары ғана емес, сонымен қатар жаңа байланыстар, қарым-қатынас және жаңа міндеттер. Осыған орай бала өмірі өзгереді: бәрі оқуға, мектеп іс-шараларына бағынышты болады. Бұл өте маңызды кезең. Мектеп алғашқы күннен бастап оларға интеллектуалдық және физикалық күшті қажет ететін тапсырмалар береді. Балада тұрақты жағымды қасиеттер, дұрыс мінез қалыптасуы үшін мына негізгі шарттарды орындау маңызды:

баланың өз қолынан келетін іске толық ерік беруі. Басқаның күшіне, көмегіне сеніп кетпей, өз қолынан келетін істе ғана ата-ана көмек көрсетіп жіберуге міндетті.

баланың еркіне жіберу оны ерлікке, батырлыққа үйретсе, тәртіпке бағындыру оны шыдамдылыққа, табандылыққа үйретеді. Баланы еркіне жібермеу оны жасқаншақ, қорқақ етіп өсіреді.

Балаларды мектепке дейінгі дайындыққа кеткен күшке қарамастан, бастапқы оқу кезеңінде барлық балалар белгілі бірнеше қиындықтарды басынан кешіреді. Бұл балалардың мектепке бейімделу кезеңі. Балалардың мектепке бейімделу кезеңі деп мектепке дейінгі және мектептегі өтпелі кезеңді айтуға болады.

«Мектеп» деп аталатын жаңа әлеуметтік ортада балалардың үлкендер тарапынан айтылатын көптеген талап-тілектерді орындау және мектептің ішкі ережесіне бағынуы, 45 минуттық сынып-сабақ жүйесіне бейімделуі қажет. Л.И. Божович көрсеткендей, мектепке дейінгі балалық шақтан мектептік кезеңге өту оның өмір сүру салтының түбірімен өзгеруімен сипатталады. Оқушы жағдайы жеке басының ерекше бағыттылығын тудыратынын атап өту керек. Ол үшін, оқу-білімді меңгертін жай әрекет немесе өзін болашаққа дайындау тәсілі ғана емес, ол баланың саналы түрде сезінетін өзіндік еңбек міндеті және айналасындағылардың күнделікті өміріне қатысуы болып табылады.

Мектепке оқуға қабылданар баланы мектептік болмысқа ендіру, толыққанды оқу әрекетін қалыптастыру – өтпелі кезеңге тән психикалық дамудың барлық жиынтықтарымен тығыз байланысты. Олар оқу-тәрбие процесін осы жастың психологиялық ерекшеліктерімен қатаң сәйкестікте жүргізуді қажет етеді. Сондай-ақ мектепке дейінгі шақтан оқушылық өмірге өту кезеңін зерттеу мәселесі мектептегі оқу-тәрбие міндеттерін нақтылауға мүмкіндік береді. Бұл істің түпкі мақсаты баланың мектептегі оқуын берік тұрғыда қамтамасыз ету. Ол мұғалім талаптары мен мектеп ережесін орындауға баланың ерік күшін бағындыра алу іскерлігінен көрінеді.

Бастауыш сынып оқушыларының мектепке бейімделу ерекшеліктеріне арналған зерттеулері Коломинский Я.Л., Панько Е.А., Чуткина Г.М., Венгер Л.А., Мухина В.С. және баланың мектепке психологиялық даярлығы мен мектепке баруы туралы отандық ғалымдар Б. Баймұратов, Қойбағаров, Қ. Сейсенбаевтың еңбектері маңызды орын алады. Сонымен балада мектеп қабырғасына аттаған күннен бастап психологиялық қайта өрлеу басталады. Баланың қарапайым міндеттер өрісі пайда болады. Баланың үлкендермен байланысы жаңа формаға ие болады, бірлескен іс-әрекет ересек адамның нұсқауларын дербес орындаумен алмасады. Іс-әрекеттің жетекші типін ұйымдастыру – баланың жеке басын қалыптастыруға мақсатты түрде ықпал жасайтын құрал. Мектеп баланың басқа адамдарға қатысты өзіндік ішкі позициясы өз «менін» және өз қылықтарының маңызын аңғарудың арта түсуімен, үлкендердің ішкі дүниесіне, олардың іс-әрекеттерімен өзара қарым-қатынасына ерекше қызығуымен сипатталуын атақты психологтар Мухина В.С., Петровский А.В., Эльконин Д.Б., Венгер Л.А., Якобсон С.Г. еңбектерінде көрсетілген. М.Н. Костикова «балалардың мектепке оқуға психологиялық даярлығы» ұғымының мазмұнын ашып, мектепке психологиялық дайындықтың типтерін ұсынған. Ол тұнғыш рет баланың мектепке психологиялық даярлығын анықтау мақсатында оқу әрекетінің жетістігі туралы, оны қамтамасыз ететін ғылыми-тәжірибелік шаралардың жасалуы мен психологиялық даярлықтың сапалық ерекшеліктерін талдайтын жіктемелерді бөліп көрсетті.

Сонымен қатар өз елімізде баланың мектепке даярлығы мәселесімен айналысқан ғалымдар да аз емес. Мысалы Б. Баймұратованың «Балаларды мектепке даярлау жөнінде», К. Қойбағаровтың «Баланы мектепке даярлау», Қ. Сейсенбаевтың «Отбасы тәрбиесіндегі баланы мектепке даярлауда қазақ халық педагогикасының прогресшіл идеялары мен тәжірибелерін пайдалану проблемасы» еңбектері бала бақшадағы оқу-тәрбие үрдісі арқылы баланы мектепке жан-жақты дайындау мәселесін қарастырған.

Бала мектеп өміріне алғаш әне бастағанда онда психологиялық өзгеріс болады. Ол жаңа тәртіптің бір қатар маңызды әдеттерін бойына

сіңіреді, мұғаліммен және жолдастарымен сезімді қарым-қатынас орнатады. Оқу материалының мазмұнына ынтаның пайда болуы негізінде оның оқуға деген жақсы көзқарасы қалыптасады.

Мектеп оқушыларының дене және психикалық даму ерекшеліктерін, ақыл-ой және адамгершілік тәрбиелік деңгейін, сыныптық және отбасы тәрбиесінің жағдайын білмейінше, дұрыс мақсат қоюды іске асыру, оған жетудің тәсілдерін таңдау мүмкін емес. Бастауыш сынып оқушылардың мектептік өмірге бейімделуінде оның жеке басының қасиеттерін зерттеуде, онымен жүргізілетін жұмыстардың әдіс-тәсілдерін іріктеу үлкен маңыздылықты талап етеді. Бала бойындағы алғашқыда байқалмаған қасиет екінші күні байқалып отырады.

Оқушының мектепке бейімделуіне байланысты мұғалім мен ата-аналардың маңызды көңіл аударатын негізгі шарттары:

- Оқушының тәртібін сабақ үстінде және сабақтан тыс кезеңде бақылау;
- Оқушыдан оны не қызықтыратыны және жақсы көретін сабақтары жөнінде әңгімелесу;
- Оқушы жөнінде достарымен, ата-анасымен әңгіме жүргізу;
- Бала мектепке үлкен қызығушылықпен келеді, ең негізгі шарт бала бойындағы қызығушылықты жоғалтып алмау;
- Бала бойындағы қиындықтарды дер кезінде анықтап, түзету жұмыстарын жүргізу;
- Оқушыларды қанағаттандыратын эмоционалдық жағымды өзара қарым-қатынас жүйелерін (құрбыларымен, мұғалімдермен, ата-аналарымен) қалыптастыру;
- Бастауыш сынып оқушыларында өткізілетін оқу тәрбие жұмыстарын дифференциялау.

Жасөспірімдер арасындағы қауіп-қатерге бейім мінез-құлықтың алдын алудың кейбір мәселелері

С. ҚҰРМАНҒАЛИЕВА

Жасөспірімдер арасындағы суицид туралы кең көлемде зерттеу әлі жүргізілмеген. Сондықтан халықаралық зерттеулерге жүгінеміз. Осы зерттеулерге сүйенсек, суицидке барған балалардың айтуынша, мұндай қадамға итермелеген ең бірінші себеп – отбасындағы түсініспеушілік болған.

Бұдан басқа факторлар бар әрине, дегенмен **ата-ана мен баланың арасындағы түсініспеушілік бірінші орында**. Сондай-ақ әкешенің ішкілікке салынуы да әсер етеді. Отбасында баланы қалай тәрбиелейтіні де маңызды. Егер баланы өте қатты ұстаса немесе бетінен қақпай, өз еркімен жіберсе де, мұндай тәрбие жолдары өз-өзімен үйлесім таппаған тұлғаны қалыптастырады. Екі жағдайда да бала суицидке бейім болуы мүмкін. Сондықтан ата-ана ең бірінші баласын қалай тәрбиелеп жатқанына мән беру керек. Суицидке бейімділік – өмір бойы сақталатын қасиет. Ондай адам қиын жағдайларда өмірімен қош айтысып кетуі мүмкін. Жанұядағы жағдайдан басқа, тұлғааралық қақтығыстар, жауапсыз махаббат та суицидке әкеледі. Материалдық қиыншылықтар **ең соңғы орында** тұр, - деген қортындыға келеді. Яғни, **бала үшін ақшаның жоқтығы мен қарынның аштығынан гөрі, жан жылуының жетіспеуі мен мейірімге шөлдеу ауыр**.

Бесіктен белі шықпай жатып, өмірімен есеп айырысуға тырысқан жасөспірімдердің әрекеті кімді де болсын, ойлантпай қоймайды. Көргенінен көрмегені көп, бар қызығы алда саналатын жасөспірімдерді өмірімен оңай қоштасуға итермелейтін не нәрсе?

Алайда басты проблема – жалғыздық. Егер мектепте қандай да бір проблема туындап жатса – ата-ана балаға көмек көрсетуі керек, ал отбасында проблема туындап жатса – ұстаздар балаға назар аударуы тиіс.

Қазіргі кездегі суицидтің себептері. Әр суицидтің шығу себебі бар. Бірақ көп жағдайлардағы себеп ондай адамдардың **иманының болмауы** мен өмірдің қиыншылықтарын **дұрыс түсінбеулерінде** болады. Бұлар басты себептері. Ал басқа себептердің барлығы осы басты себептерге тікелей тәуелді. Мысалы, сүйген қызымен ұрысып, немесе аралары ажыраған жігіттің өзін-өзі өлтіруіне санасы ояу адам баласы үшін ешқандай ақылға қонымды себеп жоқ. Ақымақтықпен өз өмірін қияды.

Қаржылық жағдайлардың әсері де кей адамдар үшін суицидтің туыраушы күші болып табылады. Алайда, қаржылық қиындықтар басты себеп емес. Егер ондай қиындықтарға шыдамай өз-өзін өлтіру белең алса, онда әлемнің тең жартысы қырылып қалады емес пе?! Қиындық кімде жоқ дейсіз?! Демек, иманы мен өмірге деген көзқарасы дұрыс емес болған адам ғана мұндай уақытша қиындықтарға төзе алмай, ең дұрыс жол ретінде суицидті таңдайды.

Ренжу. Кейде жасөспірімдердің арасындағы суицид ата-анасына, достарына, туыстарына ренжудің салдарынан болады. Бірақ сондай ардақты жандарға ренжіп өзін-өзі өлтіру де **жан дүниесінде кемістігі бар адамның істейтіні болса керек**.

Қателік. Өмір болғаннан соң қиындығы мен қызығы қатар жүреді. Қателіктерге ұрыну барлығымыздың табиғатымызда бар нәрсе. Қан-

дай қателік жасасақ та суицидпен шешімін табуымыз дұрыс емес. Сүрінбейтін тұяқ жоқ. Ата-анасынан қорқып қателігін жылы жауып қою мақсатында өлімге бару көзі ашық, **көкірегі ояу жандардың істейтін әрекеті емес.**

Көңілдің болмашы бір кірбіңінен құрдымға кетердей күй кешетін жас-өспірімдер кешірімді болуды сезініп, өмірдің құнын, ата-ананың қадірін, дос-туыстың өлшемін білсе! Балалық па, әлде шалалық па тілегін орындамаған кездері әке-шешесін көрместей күй кешетіндері болады. Тірліктің қамымен жүретін ата-ананың бірде жетіп, бірде жетпей күн кешіп жүретін халдерін қайдан білсін. Еркеліктің еншісі болып алдына келгенді ішіп, қолына тигенді киіп, еш қиындық көрмей өскен жасөспірім өмірдің мәні мен сәнін қайдан түсінсін?!

Қазіргі жастарды жіті қадағаламаса болмайды. Жауапкершілікті мектеп мұғалімдері мен психологтарына итере салу – жауапкершіліктен құтылудың ең оңай жолы. Бала тәрбиесіне ең әуелі ата-ана мүдделі болуы қажет. Бала мектептен тыс уақытта немен шұғылданатынын, қайда барып, не істейтінінен хабардар болып, бағыт-бағдар беріп отыру – әрбір ата-ананың қасиетті парызы. Балалар психологиясы ахуалына бірден-бір себепші отбасындағы жағдай.

Сондықтан ата-анаға кеңес ретінде: ана қызымен сыр бөлісіп, оларды өтпелі кезеңде қолдап, барлық мінезіндегі өзгерістерді ескеріп отыруы қажет. Әке болса ұлына жасына байланысты ерекшеліктер, алғашқы махаббат сияқты, көңіліне түскен қаяуларды сөйілтуге зор үлес қосу керек. Бала өмірдегі ең қымбат байлық екенін естен шығармаған абзал. Алаңсыз өмір сүріп, уайымсыз күн кешіп жатқан жастар болашағының бүгінгіден де нұрлы болуына үздік білімімен үлес қосуға талпыну керектігін, өйткені, олар нұрлы өмірдің иесі. Әр күніне үкілі үмітпен қызыға қарап, құлшына өмір сүру керектігін бала жанына сіңіру ата-ананың, ұстаздардың басты парызы.

Өз-өзіне қол жұмсау туралы қалжыңдап немесе қорқытып айтқан сөздерін байыппен қабылдаңыз. Жасөспірімдер көп уақыттарда бұл сөздерді шын көңілімен айтқанын мойындамай, керісінше тыңдаушысын үрейі үшін мазақтауға тырысады немесе ашу білдіреді. Ал сіз жасөспірімге бұл сөздерді шындап қабылдағаныңызды түсіндіріңіз.

Оны «Барлық нәрсе бірдей нашар емес», «Мұның бәрі ұмытылып кетеді» немесе «Мұны істеуге болмайды» деген жалпылама сөзбен жұбатып қана қоймай, сонымен қатар балаға өз ойын, көзқарасын айтуға мүмкіндік беріңіз. Баланы жақсы түсіну үшін сұрақтарды қойыңыз және зер салып тыңдаңыз. Оның келешек жоспарын және мәселелерін ашық талқылау және мазасыздығын, үрейін, қорқынышын жеңілдету үшін ашық әңгімелесуден қашпаңыз. Бала өз ойын сізбен бөлісіп, жан дүниесіндегі шешімін таппай жүрген мұңын сізге айтып жеңілдеп қалатынын ұғындырыңыз.

Жеткіншектердің коммуникативті қабілетін дамытуда психологиялық тренингтерді қолданудың ықпалы

А. СУЛТАНБАЙ

Жеткіншек шақ – адам дамуының күрделі кезеңі болып табылады. Бұл кезең аз уақытқа созылғанмен, негізінен индивидуумның алдағы өмірін анықтайды. Әсіресе, осы жеткіншек шақта мінездің және т.б. адам қасиеттерінің қалыптасуы маңызды орын алады. Бұл кезеңдегі болатын жағдайлар, яғни балалардың ересектер қамқорлығынан өз бетімділікке ұмтылуы, әдеттегі мектеп іс-әрекетінің әлеуметтік іс-әрекетінің басқа түрлеріне және организмнің гармоналды ауысуы байқалады. Жеткіншектің өмірінде болатын осындай өзгерістер оны қоршаған ортаның жағымсыз әсерлеріне сезімтал етеді.

Жеткіншектік кезеңнің шектері шамамен балалардың орта мектептің 5-8 сыныптарында оқитын кезеңімен сәйкес келеді де, 10-12 жастан 14-15 жасқа дейінгі аралықты қамтиды, бірақ жеткіншектік жастың іс жүзінде басталуы 5 сыныпқа көшумен тура келмей, бір жыл ерте не кеш болуы мүмкін.

Жеткіншектік кезеңнің баланың дамуындағы ерекше орны оның «өтпелі», «бетбұрыс», «қиын», «сыналатын» кезең деген атауларында бейнеленген. Бұл атауларда осы жастарда болатын, өмірдің бір дәуірінен екіншісіне өтумен байланысты даму процестерінің күрделілігі мен маңыздылығы айтылған. Қатарластарымен қарым-қатынас - жеткіншектің негізгі мұқтажы. Құрбы-құрдастарымен қарым-қатынастың болмауы баланың коммуникациялық және өзіндік сана дамуына жағымсыз әсер етеді. Осындай кезеңде жасөспірімдер мұғалімдер, психологтар және басқа да мамандардың қолдауына зәру. Жасөспірімдік кезеңдегі қиындықтармен жұмыс жасаудағы тиімді әдістердің бірі - білім, біліктілікті және қабілетті дамытып, оларға сәйкес коррекция жасайтын оқитудың бір формасы әлеуметтік психологиялық тренинг (ЭПТ).

Әлеуметтік психологиялық тренинг арнайы ұйымдастырылған қарым-қатынас формасы. Тренингтің бұл түрін тек психология маманының қызметкерлері ғана емес арнайы психологиялық білімі жоқ мұғалімдер де сабақ беру барысында қолдана алады. Оқу және тәрбие жұмысына жағымды өзгерістер енгізуге, оқу процесін белсендіруге тренингтердің ықпалы жоғары. А.С. Прутченков «Мектептегі әлеуметтік-психологиялық тренинг» еңбегінде, дұрыс ұйымдастырылған тренингтің оқушыларға жағымды әсері, ұйымдастырушының шеберлігі, педагогикалық қақтығысты реттеуші құрал екендігін атап көрсеткен.

Кез келген тұлғаның жаңа ортаға бейімделуі, қатарластары арасында үйлесімді қарым-қатынас орнатуы, өзін дұрыс таныстыра білуі және тб. жағдайлары кейде айналасындағылар тарапынан ұйымдастырылған әрекеттерге да байланысты әсер етеді.

Қарым-қатынаста әрбір баланың өзін көрсете алуы, топтық іс-әрекетті жатсынбай, белсенділік танытуы бір жағынан, екіншіден қандай да мәселенің әр қырын көре білу, рефлексияны дамыту үшін топтық пікірталас аса маңызды.

Тренингтік тәжірибеде қатаң регламенттік, нақты тақырыпқа негізделген құрылымдық және еркін тақырыптағы пікірталастар қолданылады.

Тренингтің әдістердің келесі бір маңызды бөлігі әлеуметтік перцепцияны дамытуға бағытталған. Топ мүшелері басқа адамдарды, өзін, өз тобын қабылдауға түсінуге және бағалауға қатысты біліктілігін дамытады. Осы мақсатта арнайы жаттығулар құрастырылады. Алынатын ақпараттың вербалды, вербалды емес жолдары арқылы перцепция механизмдері жетіледі. Бұл процедура қабылданатын объектіні терең рефлексиялық және мағыналық, бағалық интерпретациясын жасауға үйретті. Бұл жаттығулардың ішіне парапсихологиялық тәсілдермен табалдырық алды сезгіштікті дамытатын әдістер жатады. Тренингтік жаттығулар кейбір жағдайларда тұлғалық өзгеруге түрткі қызметін атқарады. Өзіндік сана тұлғаның даму процесін жанама түрде және мазмұндау арқылы қарым-қатынас үйлесімділігін орнатып және қарым-қатынастағы қиындықтардың себебін ұғыну динамикасына ықпал жасайды.

Тренинг – білімді дамыту немесе адамды оқытуда жоспарланған жағдайға жүйелі күш салу арқылы орындау. Жұмыс жағдайында тренинг адамның бір немесе бірнеше әрекет түрлерін нәтижелі орындауынан білім мен дағдыны меңгеру мүмкіншілігіне бағытталады. Жеткіншектердің коммуникативті қабілетін дамытуда психологиялық тренингтерді қолданудың маңызы оразан зор.

Бала тәрбиесі стильдерінің психологиялық ерекшеліктері

Л. МЕРЕКЕНОВА

Басқарудың әр түрінде заңдар әр түрлі болады: Монархияда – ар мен намыс; халықтық басқаруда – мейірім мен адамгершілік; деспотияда – үрей, - деген екен Л. Толстой.

Мысалы: Америкада XVIII ғасырда оңтүстік аймақтарында өте ыстық болғандықтан егін шаруашылығына жұмыс істеу үшін аса тө-

зімді келетін негірлерді Африка құрлығында құлдық мақсатта тұтқындап кеме арқылы мұхит асыратын саудагерлер болған. Олардың ең сұмдық әдістерінің бірі 6 және 9 ай аралығындағы екіқабат әйелдерді кемеңіз әршесінде (палуба) ұстап, солардың көзінше асау (яғни құлдыққа қарсы) ерлерді бауыздап, мұхитқа лақтырған екен. Бұл істің нәтижесінде құрсақта жатқан сәби тікелей анасының қаны арқылы қоректенетіндіктен әйелдің жүрегін тітіренткен үрей қандағы биологиялық өзгерістер арқылы болашақ сәбидің болмысына әсер етеді және орнығады екен. Осы гигиеналық мұра өмірге келген баланың келешек өмірін өз ықпалында ұстап, ержеткен соң да оған **үрейлі құлдық мінез қалыптастыратын** болған.

Ал, көне қазақ халқының, ұлттық тәлім бастаулары туралы айтар болсақ: жаңа қосылған жастар неке суын ішісіп, түтін түтеткен соң-ақ үлкендер олардың күнделікті тұрмыс-тіршілігін жіті көзбен бақылап ақыл тезіне салған. Әсіресе, келіннің алғашқы бастамасы, жүктілік білінгеннен-ақ ерекше күтім жасауға бекінеді. Себебі, тәрбие танымның бастау көзі (жүктіліктен) осы кезден қалыптасады деген тұжырымды қағида еткен. Оған ет жақын абысындары баскөз болып нәрлі тамақ жегізіп, ыстық-суыққа ұрынбауын, ібіліс, албастыдан шошымауын қадағалап, кеңес беретін болған. Жас ананы осылайша бағып қағу, тоғыз ай, тоғыз күнге созылған. Босанған соң, үлкендер ұлықсат етісімен қалжа сойылып, жас босанған әйелді бір жеті, жас нәрестені алты аптаға дейін жақын абысын-ажындары күтіп баққан. Одан кейін баланы қырқынан шығару, бесікке салу салтанатты тойлары жалғасын тапқан. Қырқынан шығаратын, бесікке салатын апаларымыз елге сыйлы, өнегелі, өнерлі кісілер болуына аса мән берген. Осы апаларындай елге сыйлы, өнегелі, өнерлі болсын деп ырым еткен.

Осындай ұлттық тәрбиенің нәтижесінде ұрпағы **иманды, инабатты, мейірімді, бауырмал, қызы қылықты, ұлы ер мінезді болып өскен.**

Ал, кейініректе ұзын сонар сұмдықтарға куә болған ұрпақ үнемі үрей мен кемсіту салдарынан «ездік психология – көндік мінезге» кіріптар болды. Оның себебі:

1. 1929-1933 ж. Қазақстанда саяси биліктің шешімімен қазақтың жалғыз күнкөріс көзі саналатын малы, яғни төрт түлігі күшпен тартып алынды, соның кесірінен халық жасанды ашаршылыққа ұшырады.

2. Қазаққа жасалған екінші психологиялық соққы және ең шегіне жеткен сұмдық қастандық – 1936-1938 жылдар аралығындағы ұлт зиялыларын жаппай қуғын-сүргінге ұшырату болды.

3. Одан кейін, есеңгіреген ел 1941-1945 ж. Ұлы Отан соғысының зардабын көрді.

4. Бұл аздай соғыс жылдарынан кейін, әсіресе 1950 жылдан бастап саяси биліктің «кемсіту» әдісі арқылы тағы психологиялық соққы

басталды (Қазақ мектептерін жауып, орысша оқытып тәрбие берілді). Осылардың кесірінен ұлттық рухы өзіндік табиғи құндылығынан айырылды.

Яғни, саяси биліктің ұстанымы өткен мен бүгінгі күннің өзінде әр қайсысы өзіндік сипатта өзгеше ұлттық психологияға жол ашып отырғанын аңғару киын емес. Сол себептен педагогика мәселесінде ұлттық психология үлкен мәнге ие болатынын естен шығармауымыз керек. «Отан отбасынан басталады», яғни ұлттық психологияны отбасынан бастауымыз қажет. Әйел және отбасы деген ұғымды бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. «Ер – елдің иесі, әйел – үйдің киесі» - деп дана халқымыз бекер айтпаса керек. Расында да шаңырақтың шаттығы отбасының татулығы, ұрпақ тәрбиесі аналардың жылылығы мен мейірімділігінен бастау алады. «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» - деген осының дәлелі.

Бала әлем туралы және өзі жайында ақпараттарды ата-анасынан алады. Баланың басты ұстазы ата-анасы. Бала ата-анасын, ата-ана баласын танымайынша іс алға баспайды. Баланың бойындағы табиғи қасиеттер адамгершілік құндылықтары әуелі отбасында беріледі, мектепте, әлеуметтік ортада нәрленеді, толысып әрленеді.

Сондықтан, кезек күттірмейтін мәселе бүгінде «бесігіңді түзе» деумен қатар, «эфиріңді түзе» деу керек. Оның себебі: видеодан, кинодан, теледидардан қанын тамызып жатқан дедективтердің, сұрқия көріністердің жастардың әсіресе жүкті әйелдердің жанына (қанына) алақанына салғандай етіп бұзықтықтың жолдарын көрсетуіміз қаперінде дәнеме жоқ, жүкті әйелдердің бойына, жастардың ойына ой түсіріп, тұнығын лайлап, көкіректерін қарайту арқылы жамандыққа қарсы жиіркеніш сезімін тудырдық деуіміз үлкен ағаттық. Жаман үлгілермен жиіркеніш тудырдық деп жүріп көлеңкесінен де қорқатын психикалық жұтаңдыққа ұшыраған мәңгүрт жастарды көбейтіп алып отырмыз.

«Адамзаттың адам бейнесіндегі хайуандардың озбырынан қорғануға құқығы бар» - деп Е. Шульц айтқандай, ұрпағымызға теріс әсер ететін ақпарат көздеріне тосқауыл қою керек, керісінше ізгілік, игілік нәрін себетін ұлттық сипаттағы бағдарламаларды көбейту керек.

Қорыта келгенде, қазақ балалары үшін ғасырлар бойы ата-бабамыз қолданған тәлім-тәрбие беру үлгісіне қайта оралуға өмірдің өзі талап етіп отырған сұранысына немқұрайлылық танытпайық. Отбасында берген тәрбие жігеріңді құм қылып, жерге қаратпасын десең, «бала бойыңа біткеннен бастап тәрбие бер» - деп ата-бабамыз тегін айтпаған. Отбасы баланың эмоциялық тұрақтылығын, психологиялық және физикалық қауіпсіздігі мен жеке басының өсуін қамтамасыз ететін шағын орта.

Жалпы тәрбиенің тарихи дамуы, бүгінде тұлғаны дұрыс қалыптастырудың мынандай өзіндік стильдерін өмірге әкелді.

Авторитарлы стильде – ата-ана баланы қатаң бақылауда ұстайды.

Нәтижесінде: бала тұйық, қорқақ, ешкімге жуымайтын және ашушаң тұлға болып қалыптасады.

Беделді стильде – ата-ана баланы өте жоғары деңгейде бақылауға алады, бала бойындағы дербес қасиеттерді байқағанда оны мойындайды.

Нәтижесінде: бала әлеуметтік жағдайға бейімделген өзіне сенімді, өзін-өзі бақылай білетін, өзін жоғары бағалап, жақсы көретін тұлға болып өседі.

Либеральды стильде – ата-ана бақылауы әлсіз болады, бірақ балаға жылы қатынас жасайды.

Нәтижесінде: бала тыңдамауға бейім, ашушаң, тепе-теңдікті сақтамайды, өзіне талап қоя алмайды, өзінің қандай болу керек екенін білмейді. Өсе келе кейбір бала белсенді, шешім шығарғыш, шығармашылықтың адамы болып қалыптасады.

Индифферентті стильде – ата-ана балаға ешқандай шектеу қоймайды, балаға немқұрайлы қарайды.

Нәтижесінде: бала қатыгез болып өседі. Ауытқыған мінез-құлық танытады, жағымсыз реакция береді.

Демек, баланың пайда болуы, дамуы және қалыптасу процесі ең бірінші ата-ана тарапынан берілетін тәрбие екенін ұмытпағанымыз жөн.

Гипербелсенді балаларды жаттығулар мен ойындар арқылы тыныштандыру

А. САПАРОВА

Мақсаты: тұлғаның әлеуметтенуіне психологиялық көмек көрсету, бала бойындағы гипербелсенділікті бәсеңдету арқылы оқып білім алуға дағдыландыру.

Міндеттері:

- баланың бойындағы үрейі мен алаңдаушылықты, психоэмоционалдық қысымды арылту;
- мұғалімге гипербелсенді балалармен жұмыс істеу түрлерімен таныстыру;
- педагог-психологтарға гипербелсенді балалармен психокоррекциялық жұмыс тәсілдерін ұсыну.

Гипербелсенділік синдромы – іс-әрекет пен зейінді реттеудің бұзылуынан болатын мінез-құлықтағы ауытқушылық.

Ең алғаш гипербелсенді бала туралы түсінікті Александр Кричтон 1798 жылы айтқан. Осы феноменді ол – психикалық тынышсыздық деп атаған. Александр Кричтон 5 жыл өткен соң Александр 1 императорының лейб-медигі болған. Гипербелсенді балалар туралы берілген сипаттамаға ол ғасырдың ғалымдары, дәрігерлері мән бермеген, тек 20 ғасырда ғана осы мәселе қайта қолға алынған.

1845 жылы неміс дәрігер-психоневрологы Генрих Хоффман «Филипп – непоседа» деп атаған өлеңінде гипербелсенді баланы мінез-деді.

«Филипп – непоседа» (отрывок)

«Филипп, обещаешь сегодня

Спокойно сидеть за столом?» -

Отец строго спрашивал сына,

А мама молчала при том.

Но мальчик совсем их не слушал,

Крутился туда и сюда,

Проказничал он и качался –

Все для него ерунда.

1902 жылы сэр Георг Стил жаман тәрбиеге байланысты емес іс-әрекетінде айқын мәселелері бар импульсивті балаларды сипаттап, дәрістер нұсқасын жариялады.

Осындай ұзақ тарихы болса да, гипербелсенді балаларды анықтау әлі де қиын және оларды көбіне тәртіпсіздер қатарына қосады.

Гиперкинациондық бұзылулар сипаты: ерте басталуы; шектен тыс белсенділік, зейіннің ұшқалақтығы. міндеттерді орындау кезінде табандылық жетіспеушілігі; бұл мінез-құлық сипаттамалары барлық жағдайларда көрінеді және уақытында табандылық танытады.

Гипербелсенді балада 3 симптомның әрқайсысынан кем дегенде 6 белгі болуы керек. Осы 3 симптомды В. Вид, Заваденко, Ю. Попов ғалымдары ұсынған.

- **Алаңғасарлық**

- **Гипербелсенділік**

- **Импульсивтілік**

Гипербелсенді баланы тәрбиелеу оңай емес. Р. Кэмпбелл айтуы бойынша ата-аналар төмендегі **3 қателікке** жол береді:

- олар ақыл айтып, бақылап жүріп, онымен әңгімелесуді ұмытып кетеді,

- бала тәрбиесінде қатаңдық танытпай, оның тәрбиесін үнемі қадағалап отырмайды,

- ашуын бақылауда ұстаудың дағдыларын үйретпейді.

«Ашуды бақылауда ұстау» атты кітап авторлары баланың ашулы

кезінде ата-аналарға тиімді және тиімсіз қарым-қатынас түрлерін мысал ретінде ұсынады:

Тиімді:

- балаға тынышталуға мүмкіндік беру;
- баланың дәлелдерін зейінмен тыңдау;
- өзінің сезімдерін анық және дұрыс жеткізу;
- қалыптасқан жағдайдан шығудың дұрыс жолдарын көрсету;

Тиімсіз:

баланы жазғыру;
оны мұқатып, келтірген дәлелдерін күлкіге айналдыру .

Не істеуге болады?

- «Мұндай балаға қысым жасамаңыз! Оның еш пайдасы жоқ.
- Сонымен қатар оған жоғары талаптар қоюдың және қарым-қатынас орнатуда артық жұмсақтық танытудың қажеті жоқ! Қалай болғанда да артық кетпеңіз. Мұндай тәрбиеленушіге әртүрлі жағдайларда өзін-өзі ұстаудың барлық қағидалары нақты түсіндірілуі керек.

- Сонымен қатар тыйымдардың, шектеулердің санын барынша азайтқан дұрыс!» Мен меңгерген тағы бір қағида: гипербелсенді балаға үнемі айналу, қимылдау ауадай қажет, себебі оның жеткіліксіз физикалық белсенділігі аса жоғары сезімталдыққа алып келуі мүмкін.

Мектеп жасына дейінгі жастағы балалардың гипербелсенділік белгілерін **түзетуге арналған экспериментті ұйымдастырудың жолдары** бірнеше әдістерін қарастырсақ.

Ойын терапиясы. Бұл терапияны жүргізу балалардың әлеуметтік және психологиялық мәселелерді жеңу үшін, жеке және эмоционалды дамуы үшін арнайы ойындар қолданады. Егер бала ойынға белсенді және бар ықыласымен қатысса емдеу әсерлі болады.

Ойын баланың психологиялық ахуалын сақтауға, оның қоғаммен қарым-қатынасын анықтауға, ересек өмірге дайындайды. Ойын балаға белгілі дағдыларды меңгеру үшін, сонымен қатар қарым-қатынасты, өмірге деген құлшынысын арттырады, эмоционалды және физиологиялық жағдайын жақсартады. Ойын психологиялық күйзелістен шығу үшін емдеудің бір тәсілі ретінде қолданылады. Бала ойынға өз еркімен қатысып, ойыннан қуаныш рахатын көру керек. Әсіресе бұл гипербелсенді балалардың қатысуымен ойын өткізу барысында эмоционалды әсерін мөлшерлеп, өзін қалай сезінетінін бақылау керектігін айта кеткен жөн.

Ойын түрінде оқыту әдісі.

Ойын әдістері сабақтың мақсаттары мен міндеттеріне байланысты қолданылады. Олар тәрбиеленушілер үшін үнемі қызықты. Көптеген қызмет түрлерінде: ән айтуда, тыңдауда, композицияда балалар музыкалық ойындарды аса қызығушылықпен ойнайды. Ойын барысында тәрбиеленушілердің барлық психологиялық типтері өздерінің шығармашылық мүмкіндіктерін ашады.

Ойындар:

«Сұр қоян жуынады» ойыны

Мақсаты: Қимыл қозғалыс қабілеттерін арттыру, тілдерін дамыту, ептілікке тәрбиелеу.

Шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады. Қоян болған бала ортаға шығады.

Балалар: Қоян, қоян тұршы,

Беті, қолды жушы

Айнаға қарашы

Шашыңды тарашы

Енді бізді қушы.

Қоян қимылмен көрсете отырып жасап, тұрады. Енді бізді қушы дегенде, балаларды қуа жөнеледі.

Ойын 4-5 рет қайталанады.

«Аттар» ойыны

Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту.

Шарты: Балалар екі бірдей топқа бөлінеді. Біреулері – аттар болады, басқалары – шабарман болады. Шабарманның қолында – ауыздық. Алаңның басқа жағында – аттар жайылатын жер, бұнда аттар тұрады, басқа жағында шабармандар. Мұғалім: «Шабармандар, тұрыңдар, тезірек аттарды дайындаңдар!» – дегенде шабармандар аттан түсіп, аттарды жайылымға жіберіп, өздерінің орындарына барады. «Шабармандар, аттарыңды ұстаңдар», – дегенде әрқайсысы өздерінің аттарын ұстайды. «Аттарыңды ат қораға апарыңдар», – дегенде апарды. Ойын 3-4 рет қайталанады.

Ұсыныс: ойында жүгірумен жүгірудің түрлерін кезектестіруге болады. Ойынды түрлендіруге болады: ат шабуы, орманға саяхат, т.б.

Тыныстау гимнастикасы әдісі.

Гипербелсенді балалардың жүрек соғысы көбіне жиі болады, кекештеніп немесе өте жылдам сөйлейді. Мұндай жағдайда тыныстау жаттығулары көмектеседі. Оны кейіпке ену арқылы орындауға болады, ал тікелей тәрбиешінің тура нұсқаулары немесе ұсыныстары бойынша орындалмайды.

1. жаттығу. Балаға ыдыстағы өсімдікті немесе базадағы гүлді иіскеуге мүмкіндік беру. Және де мұны ойнақы түрде орындау керек. Гүлді әр түрлі көңіл-күймен иіскеуді ұсыныңыз. «Балалар! Біздің гүліміздің иісін анықтайық! Бірақ оны күліп тұрып жасайық. Күліп тұрып тереңнен тыныстау..., деміңді шығар, дем ал, деміңді шығар!» немесе: «Дәл осыларды мұңды түрде қайталаймыз! Демал, деміңді шығар! Ал енді күліп тұрып демаламыз, мұңайып демді шығарамыз». Осылай бірнеше рет қайталаймыз.

2. жаттығу: «Қысқа тыныс алу қимылдарын орындаймыз, оны орында кезінде өзімізді бу шығарушы шәйнек ретінде елестетеміз.

Осыны дем шығарған кезде «у-у» дыбысымен орындаймыз».

Гипербелсенділік белгілері баланың бойынан жасөспірім шақта мүлде жоғалып кететін жағдайлар да көптеп кездеседі. Баланың ағзасының өсіп, жетілуіне байланысты кейбір белгілер мүлдем жоғалады. Алайда зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромының 30-70% ересек адамдарда да байқалады.

Гипербелсенді баланың қоғамға бейімделуін қамтамасыз ету үшін жанұяның және мектепке дейінгі мекеменің, сондай-ақ мектептің, қоғамның ынтымақтастығы қажет.

Егер де біз балалардың бойындағы гипербелсенділікті барынша азайту жолында дұрыс жұмыс жүргізетін болсақ, сонда ғана дені сау, жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелей алмақпыз.

Оқушылар арасындағы буллинг мәселесін шешу жолдары

А. СЕНГИРОВА

Қазіргі уақытта, жасөспірімдік жасқа тән түрлі сұрақтар, қоғам және адам дамуын зерттейтін көптеген ғылымдардың назарында, осыған байланысты буллинг, яғни жасөспірімдік зорлық-зомбылық, күткендей, классикалық көзқарас аясында емес, ал ұзақ уақытқа созылатын «жәбірленушіні» қудалау мәселесі ретінде қарастырылуда. Дегенмен, жасөспірімдік жас табиғаты бойынша өте қиын болғанымен, жасөспірімдердің жанжалға қатысуы қалыпты жағдай. Буллинг мәселесі екі жақтың арасындағы ситуациялық түсініспеушілікпен емес, саналы түрде жасөспірімдермен, ұзақ мерзімге таңдалған «жәбірленушінің» статусын өзгертуге жол бермеу ниетімен ерекшеленеді. Осы статустың ең жақын аналогы изгой болуы мүмкін еді, бірақ буллинг құбылысы – бұл басқа проблема – ол «жәбірленушіні» қорлаушыда жазасыздық сезімін бекітеді, басқа адамға қатысты моральдық шекараны алып тастайды, жалпы айтқанда әлеуметтік-қауіпті сипатқа ие, себебі мұндай мінез-құлық тек қоғамның нормаларымен, жасөспірімдік топтың нормасы мен құндылықтарымен ғана реттелмейді, сондай-ақ «жәбірленуші» мен басқалардың тарапынан азғындық жайлы кері байланысты бұғаттауы да проблема. Басқаша айтқанда, буллинг феномені өзінің табиғаты бойынша айналадағы адамдар мен «жәбірленушіге» әсері, кезінде нацистермен сыналған «адамгершіліктен айырылу» феноменіне өте жақын.

Жасөспірімдік жас – бұл әлеуметтік стереотиптерді қайта қарау, тұлғалық өсу және даму кезеңі болғандықтан, қарапайым жасөспі-

рімдердің қақтығыстарын, ұзақ мерзімге созылған буллингтің деструктивті түрге өтуіне, сондай-ақ жасөспірімдер арасында «жәбірленушінің» пайда болуына жол бермеу керек, себебі психикасы әлсіз жеткеншектерде осындай өзара әрекеттесудің түрі бекітіліп, кейін басқа жас кезеңіне де өтуі мүмкін. Сонымен айта кеткендей, мұндай ауыр іс-әрекеттердің нәтижесінде «жәбірленуші» көптеген психологиялық немесе физикалық тұрғыда зардап шегуі әбден мүмкін.

Бұл құбылысты зерттеуде теориялық және практикалық сипаттағы бірқатар қиындықтар бар. Мысалы, теориялық тұрғыдан алғанда, бұл құбылысты түсіндіретін, әсіресе, жасөспірімдерге байланысты әзірлемелер әлі де жеткіліксіз, өйткені бұл проблема тек жас ерекшелігі ғана емес – әлеуметтік сипатқа да ие, сондықтан қоғамның өзі үшін де, жас ұрпақтың арасында да, бұл мінез-құлықтың өте жағымсыз үлгісі болып табылады. Агрессияның классикалық теориялар тұрғысынан, қақтығыстар, жас психологиясы және педагогикасы және т.б., буллинг құбылысын түсіндіру қиындығы, тіпті ұғымдар деңгейінде де нақты түсінік жоқ – агрессия бар, жанжал бар, жәбірленуші мен жәбірлеуші бар және т.б., әр теориялық тәсілдің мәселеге өзіндік көзқарасы бар, бірақ ол әдетте тек бір тәсіл шеңберімен шектеледі. Бұдан бөлек, буллинг құбылысын түсіндіруде әрдайым жас ерекшелігі ескерілмейді, өйткені буллинг жасөспірімде міндетті түрде тұрақты құбылыс емес – бұл құбылыс көбінесе ересектердің әсерінен жабық топтарда (сынып, құрдастар) пайда болады және оны әрдайым сырттан анық көріне бермейді. Сондықтан буллингтің ерекшеліктерін аспектілерінде дәл құбылыс ретінде анықтау қиын. Бұл қазірдің өзінде практикалық проблема – буллингті қарапайым жасөспірімдер қақтығыстарынан анықтау және ажырату қиын, олар көріністе жарқын, бірақ табиғаты бойынша алыс болуы мүмкін. Сондықтан диагностикалық сипаттағы қиындық бар. Сондай-ақ, бұл құбылыстың профилактикалық проблемасы бар, өйткені бұл жерде сөз тек жасөспірімдердің бір-бірімен қарым-қатынас жасауы, араласу қабілеті жайлы ғана емес, бірақ әңгіме қарым-қатынастың моральдық және құндылық негізі туралы, дәлірек айтқанда, бұл сала мұғалімдердің жасөспірімдерге әсері өте жабық, өйткені жасөспірімдерде моральдық билік өз ықпалын жоғалтады және мүлдем басқа адамдар құндылыққа ие болады.

Мектептегі зорлық-зомбылық проблемалары алғаш рет XX ғасырдың басында – 1905 жылы К. Дьюкс өзінің зерттеуін жариялаған кезде пайда болды, бірақ шынымен жүйелік зерттеуді скандинавиялық зерттеушілер жүргізді, олар: Д. Олвеус, П. Хайнеманн, А. Пикас, Е. Роланд.

Олар буллинг тұжырымдамасын жасады – (bullying, ағылшынша bully – бұзақылық) және олар бұл ұғымды қысым көрсету, кемсіту, қудалау ретінде талдады.

Бұл проблемалардың кейінгі зерттеулерінде әр түрлі зерттеушілер

осы құбылыс жайлы өз ойларын ортаға салып, талқылады, бірақ олардың барлығы адамға немесе адамдар тобына физикалық, психикалық зорлық-зомбылықпен бірге жүретін әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық проблемалардың үлкен тобының болуын, адамның агрессорға қарсы өзін қорғай алмайтындығын көрсетті.

Мәселенің осы көзқарасына сүйене отырып, буллинг классикалық түсініктегі мінез-құлық емес, агрессивті мінез-құлықтың көптеген нақты түрлері мен қосымша түрлерін қамтитын деструктивті өзара әрекеттесудің ерекше түрі екенін атап өтуге болады.

С. Кривцованың анықтамасы: буллинг – бұл кейбір балалардың басқаларға қарсы агрессиясы, агрессор мен жәбірленуші күштерінің теңсіздігі болған кезде, агрессия қайталануға бейім. «Күш теңсіздігі, қайталану – буллинктің екі маңызды белгісі».

Буллинктің ерекшелігі, ол жәбірлеуші мен жәбірленушінің позицияларының теңсіздігінде, егер жәбірлеуші физикалық немесе психологиялық сипаттағы артықшылықтарға ие болса, ал жәбірленушінің басқа адамдарды тарта отырып, өзін қорғауға және басқаларды тартуға мүмкіндігі жоқ. Сонымен қатар, буллинг сипатталады: жәбірленушіге қасақана зиян мен қайғы тигізу; жәбірленушінің өзіне деген сенімділігінен айыруға бағытталған; қарсы тұру қабілеті, адамның қадір-қасиетін буллингке және жоюға бағытталған; және психикалық немесе физикалық әл-ауқат пен денсаулықты бұзу. Сонымен қатар, буллинг әрдайым топта пайда болады, айналасындағы адамдарға тартып, әсерін тигізеді (бұл буллинг қақтығысқа ұқсас), буллинг ешқашан өздігінен тоқтай алмайды – не тек үшінші тараптың араласуынан кейін, не жәбірленушіні немесе қылмыскерді бір-бірінен алыстатқан жағдайдан кейін.

Сондай-ақ, буллинг төмендегідей сипаттамаларға ие:

1. Қайталану және/немесе кезеңділік;
2. Пиғыл;
3. Зиян тигізу;
4. Күш немесе әсерді теріс пайдалану.

В.П. Петросянцтың зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жәбірленуші болған мінез-құлық қыздарда да көбірек көрінеді. Бұл факт әйелдікке тән белгілермен, гендерлік сәйкестікті қалыптастыру үдерісімен және өзін-өзі тану ерекшелігімен байланысты. Қыздар өзін-өзі сынайды және «Мен»-нің әр түрлі аспектілерін талдауға бейім, ал ұлдарда «Мен» құрылымы жеңілдетілген.

Ұлдар топтың әлсіз мүшесіне қарсы агрессивті мінез-құлыққа итермелейтін әр түрлі себептермен буллинг бола алады. Осындай себептердің бірі – тану ниетімен бір уақытта пайда болатын және басқаларды басу арқылы мақсатқа жету қажеттілігін дамытуға әкелуі мүмкін кемшіліктің көшені.

Буллинг – ұлдар физикалық агрессияға бейім, физикалық зорлық-зом-

былыққа бейім, ал ренішті лақап ат пен мазақ тек құдалаумен бірге жүреді. Зерттеушілердің ұлдардың жеке ерекшеліктері туралы пікірлері әр түрлі. Кейбіреулер булли ұлдарда қорқыныш, дабыл пен уайымның болуы, стандарттылық, тыйым салу, шешім қабылдаудағы пікірлер мен көзқарастардың сәйкестігі, оқшаулау, олардың ішкі әлемінің жақындығы, жасырындық тенденциясы, өзіне қанағаттанбау, өз кінәсіздігіне күмәндану, айтылған және істелген ісіне өкіну, өзін-өзі растау тенденциясы тән деп санайды.

Басқалары булли ұлдарын импульсивті, отбасылық тәрбиенің әр түрлі стилімен сипаттайды. Ата-аналардан агрессивті мінез-құлықты үйрену ықтималдығын жоққа шығаруға болмайды, әсіресе егер отбасында физикалық жаза мен зорлық-зомбылық қолданылса, отбасы мүшелері эмоционалды түрде бөлінеді.

Қыздардың буллинг себептері: гормоналды сәтсіздік; авторитарлық әке немесе ананың болмауы; феминистік құндылықтар мен көзқарастарға деген адалдық, олар үшін дайындалған гендерлік рөлге қарсы «бүлік»; құрдастар тобында көшбасшы болуға деген ұмтылыс; зорлық-зомбылықтан кейінгі қорғаныс реакциясы; жеңіске жетудің ерлерге тән тәсілдерімен ерлердің спорт түрлерімен айналысу (мысалы, күрес).

Булли қыздары үшін эгоцентризм, мазасыздық, демонстрация, назар аударуға деген ұмтылыс, нәрестелік және эмоционалды жетілмегендік сияқты жеке қасиеттер тән. Әдетте олар басқалармен тұрақсыз қарым-қатынаста болады, теріс эмоциялардың тез пайда болуы, айыптауға бейімділік, ашулануға агрессивті реакциялар, тұрақсыз өзін-өзі бағалау.

Қыздар мазақ етуге, «жәбірленушіге» қарсы интригаларға, жапсырмаларға және лақап аттарға, өсек пен қауесетке көбірек бейім. Сондай-ақ, буллингтың физикалық көріністері болуы мүмкін, әсіресе еркектік ерекшеліктері бар қыздарда.

Ер балаларда жасы ұлғайған сайын агрессиялық мінез-құлықтың төмендеуі, ал қыздарда – агрессияға (агрессиялық мінез-құлыққа) бейімділіктің артуы байқалады.

Жалпы, жасөспірімдердің ортақ агрессиясы дұшпандық, ауызша буллинг, менмендік, бүлікшілдік және негативизм, жалғандық, вандализм арқылы көрінеді. Мұндай жасөспірімдер бұзақылық түрінде қоғамға қарсы мінез-құлықты жасырмайды, ал кейбір ерекше сәттерде мінез-құлықтың бұзылуы, ұрлық және құрдастарына деген физикалық зорлық-зомбылық пайда болады.

Агрессивті жасөспірімдер өзін-өзі төмен бағалаумен сипатталады, басқа адамдарды қорғау қажет болған жағдайларды болдырмайды, тіпті пайдалы болса да, олар өзін-өзі бағдарлап, адамдарды өз пайдасына басқаруға дайын.

Буллинг мәселесі қай заманда болмасын, аса өзекті мәселе, себе-

бі ол балалардың нәзік психикасына өз әсерін қалдырмай кетпейді. Оны мұқият зерттеу үшін оқушылардың арасында жиі сауалнамалар жүргізіп, жеке-дара әңгімелесу жүргізген абзал. Көпшілік жасөспірімдер шындықты айтудан ұялады, немесе жазаға ұшырап кетемін деп қорқады, сондықтан әңгімелесу барысында оқушымен сенімділік қарым-қатынас орнату керек. Сондай жылы, сенімді әңгімелесу барысында оқушы өз бойындағы қорқыныш пен сенімсіздіктен арыла алады да құрбы-құрдастарымен позитивті әрі достық қарым-қатынас орната алады. Буллинг мәселесіне тек мектеп психологтарын жауапты етпей, қоғам болып, ата-ана ретінде үйде балалармен бұл туралы ашық сөйлесуге кеңес береміз. Қоғамда барлық азаматтардың құқығы бірдей екенін үнемі еске салып отырған жөн. Сол үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік бар екенін де жиі-жиі айтып отыру қажет. Әл-Фараби трактаттарындағы ізгілікті қала тұрғындары деген тек жазба не арман ретінде емес, шынайы өмір көрінісі ете білу – өз қолымызда!

Бала табиғаты және мамандыққа бейімдік

Б. САХАНОВА

Білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – тұлғаны тәрбиелеу, оқыту, дамыту.

